

**Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебінің 2025-2026 оқу жылғы
қыркүйек айының тәрбие жұмысының есебі.**

1 қыркүйек - білім күні. Бұл күн әр баланың көкірегіне нұр құйылған, әр ұстаздың жүрегі тебіреніп, көңіл шарықтаған, әр ата - ананың мерейі өсе түскен нағыз қуанышты күн.

Мектебімізде **“Мектебім - мейірім мекені”** тақырыбында 1,9-сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде жеткен жетістіктері мен кәсіби шеберліктері үшін және 1-қыркүйек білім күніне орай құттықтау лебіздері айтылды. Оқушыларымыз шарықтатып ән шырқап, өнерлерін ортаға салды. Және мектеп табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіндеріміз алғашқы қоңырау соқты. Салтанатты іс-шараның мақсаты: Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында оқушылар бойында білім алудың басымдығы мен маңыздылығын және оқуға деген жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Іс-шара барысында саптық жиын әнұранмен басталып, 1-сынып бүлдіршіндерін мектеп табалдырығына қабылдау рәсімі өткізілді. Сонымен қатар ата-аналар құттықтауы болды.

2 қыркүйек күні **«Менің Отаным - Қазақстан»** тақырыбында 1-9 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізді. Өткізілген іс – шара фото суреттері мектептің әлеуметтік желі парақшасына салынды.

«Мектебім-мейірім мекені» мерекелік іс-шарасы

<https://www.instagram.com/reel/DOD33OEiM6t/?igsh=MTF4MThzanZjejQ1eA==>

«Менің Отаным - Қазақстан» тәрбие сағаты

<https://www.instagram.com/reel/DOGSSIYCKRt/?igsh=b2FmZHZramdsbDBn>

Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі нде 2025 жылдың қыркүйек айында Отбасы күніне орай мектеп оқушылардың ата-аналарының қатысуымен **спорттық сайыс және «Отбасы бақыт мекені»** атты отбасылар күніне орай **1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Отбасының Отанның бір бөлігі екенін түсдіру.**

<https://www.instagram.com/p/DOaiweMCAsD/?igsh=Z3c2OG82ZmZnODhv>

<https://www.instagram.com/p/DOaj8VOCJzg/?igsh=M2QzempkMjRtMHVo>

<https://www.instagram.com/p/DOc2uEYiKPt/?igsh=OGY1emk3Zml1bHpt>

<https://www.instagram.com/p/DOdFbrqCE4P/?igsh=MWNiMmlyOWxreGlybA>

<https://www.instagram.com/p/DOdFbrqCE4P/?igsh=MWNiMmlyOWxreGlybA>

<https://www.instagram.com/p/DOdZw-niOK/?igsh=MW9xN2xhMGF1cHcxdw>

<https://www.instagram.com/reel/DOeBe8kiN2s/?igsh=MTd4bjJjNjI3ZDNvZg>

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білмеген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе. Мектебімізде 5-12 –ші қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының Тілдер күні мерекесіне арналған «Мемлекеттік тіл-менің тілім» атты тілдер апталығы өтті. Бұл апталықта іс-шаралар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өткізілді. Аталған апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты.

2025 жылдың 5 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының тілдер мерекесіне орай мектебімізде «Тіл – ұлттың жаны, рухтың тірегі» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілді, ұлттық құндылықтар мен ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу, оқушылардың тіл байлығын арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру болды. Шара барысында оқушылар тіл туралы өлеңдер оқып, көріністер қойды, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер арқылы тілдің маңызына тоқталды. Сонымен қатар, түрлі ойындар, сұрақ-жауап сайыстары ұйымдастырды. Іс-шара жоғары деңгейде өтті, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі артты, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігі айқын көрінді.

https://www.instagram.com/p/DOVknxKCGch/?img_index=4&igsh=NHfjNzc2dWh6aHpr

<https://www.instagram.com/p/DOXvmRUCe7L/?igsh=cHFyNXkxbDdkc3Jh>

<https://www.instagram.com/p/DOnmaPsCJYv/?igsh=MWFyb2R5dnZiYXZINQ==>

Ұстаздар мерекесіне байланысты «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында оқу жылына арналған жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралар өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 9 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Атап айтқанда, 1 – 4 сыныптар аралығында: «Ұстаз – ұлағатты есім» атты бірыңғай тәрбие сағаттары жүргізілді. Тәрбие сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстазды құрметтеуге, оларды түсіне білуге, бағалауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндірді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік

қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Елімізде жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын "Ұстаздар күні" мерекесі мектепте өз деңгейінде аталып өтілді. 4 қазан күні «Ұлтымыздың ұлы қолбасшысы-ол мұғалім» тақырыбында салтанатты шара өтті. Салтанатты шараны мектеп басшысы құттықтау сөзімен ашып, елімізде білім саласына мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп отырғанын, ұстазынан озар шәкірттерінің көбейе беретініне сенімді екенін жеткізді. Сондай-ақ, білім саласында ұзақ жылдан бері талмай еңбек етіп, табыстарға қол жеткізіп жүрген бірқатар ұстаздарды құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапаттады.. Салтанатты шараның соңы мектептің жоғары сынып оқушыларының ұстаздарына тарту ретінде әзірлеген концерттік бағдарламасына ұласты.

<https://www.instagram.com/reel/DPWof59iB-g/?igsh=aXJwZ3Z0NThibnk0>

<https://www.instagram.com/reel/DPVo XuCAC0/?igsh=OXRrd3ozZHp3Znlw>

w

1 қазан- халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты іс шара өтті. Бастауыш сыныптар арасында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Қарт жүрген жер береке» тақырыптарында сынып сағаттары өтілді. Сабақ барысында оқушылардың бойына үлкенді құрметтеу оларға әрдайым көмек қолын сөзу, үлкендердің өмірлік тәжірибиесін сыйлау және ақылдарын тыңдау туралы айтылды және бойларына сіңірді. https://www.instagram.com/reel/DPRZxyLCOp_/?igsh=Y2Y2Nnd2M2FtMjJw

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Д.С Кунтуова